www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№39 /sársenbi/ 24 qyrkúiek 2025 jyl

# «ҚАЙРАТ» ПЕН «РЕАЛ МАДРИД» МАТЧЫНА БИЛЕТТЕР САТЫЛЫМҒА ШЫҒАДЫ

УЕФА Чемпиондар лигасының топтық кезеңі аясындағы ойын 30 қыркүйек күні Орталық стадионда өтеді.

«Қайрат» — «Реал Мадрид» матчына билеттер сатылымы 23 қыркүйекте сағат 17:00–де басталады.

Әрбір матчқа билеттің бағасы — 30 мыңнан 250 мың теңгеге дейін болады. Сектор бойынша баға келесідей:

Батыс трибуна 1-9 сектор (1-2 қатар) - 30 мың;
Солтүстік / Оңтүстік трибуналар - 75 мың;
Шығыс трибуна - 150 мың;
Батыс трибуна - 250 мың;

Ережеге сәйкес, бір адамға екі билеттен артық сатып алуға болмайды, билет алған кезде жеке куәлік немесе төлқұжат деректері көрсетілуі қажет. Деректер сатып алу кезінде де, стадионға кіргенде де мұқият тексеріледі.

Билеттерді Ticketon платформасында, FCKAIRAT.COM сайтында және Qairat Superapp қосымшасында сатып алуға болады.

Еске салайық, Чемпиондар лигасының алғашқы кездесуінде «Қайрат» «Спортингке» есе жіберді.

**KAZINFORM.**

**Астана қаласының мектеп командалары FIDA Drone Soccer World Cup 2025 әлем чемпионатына Қазақстан атынан алғаш рет қатысады. Чемпионат дрон-спорт астанасы саналатын Оңтүстік Кореяның Чонджу қаласында 2025 жылы қыркүйек айының соңында өтеді. Бұл туралы су жаңа Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.**

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР ДРОН-ФУТБОЛДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА АЛҒАШ РЕТ ҚАТЫСАДЫ

Сапарды Kazakhstan Drone Soccer Association ұйымы ЦДИАӨМ қолдауымен, Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» МКҚК-мен бірлесіп ұйымдастырып отыр.

Болашақ аренасы

Жарыс 25–28 қыркүйек аралығында Чонджу қаласындағы екі алаңда (Jeonju International Drone Sports Center және Jeonju World Cup Stadium) өтеді.

Арена ішіндегі көрініс ғылыми фантастикадағы футуристік спортты еске түсіреді: тормен жабдықталған алаң, әуен, жарқыраған прожекторлар, комета секілді жарқырап ұшып жүрген ондаған футбол дрондары. Трибуналарда - мектеп оқушылары, инженерлер және технология жанкүйерлері. Атмосфера классикалық спорт емес, киберспортқа немесе К-рор концертіне көбірек ұқсайды.

Дрон-футбол дегеніміз не

Бұл - халықаралық спорт түрі. 5 адамнан тұратын 2 команда матчты тормен жабылған стадионда ойнайды. Әр команданың міндеті қарсыластың қақпасына (ауада ілулі тұрған сақина) мүмкіндігінше көп гол соғу. Ойынға арналған дрондар соқтығысудан қорғау үшін арнайы экзоскелетпен жабдықталған.

Матч 3 раундтан тұрады. Дрондар соқтығысады, күрт манёвр жасайды, қорғанады және шабуылдайды. Трибуналарда жанкүйерлердің дауысы естіледі, ал атмосфера киберспортты, баскетбол немесе футуристік шоуды еске түсіреді.



Қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмайды: дрон тек арена ішінде ұшады, төрешілердің қадағалауымен және ережелерді қатаң сақтай отырып жүргізіледі.

Қазақстанды кімдер таныстырады
Әлем чемпионатына елордадан үш команда қатысады:

№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі

№8 мектеп-лицейі
Skillset жеке меншік мектебі

Неліктен маңызды

Оңтүстік Кореяда дрон-футбол небәрі бірнеше жылдың ішінде мектептік бастамадан ауқымды қозғалысқа айналды: бүгінде мұнда 1000-нан астам мектеп және университет командалары ойнайды, ал FIDA Федерациясы 35-тен астам елді біріктіреді. Чонджудағы әлем чемпионатына ондаған ұлттық құрама мен жүздеген спортшы қатысады деп күтіліп отыр.



Қазақстан үшін бұл — дебют әрі символдық қадам: алғаш рет астаналық мектеп командалары АҚШ, Франция, Қытай және Корея Республикасының спортшыларымен қатар алаңға шығады.

Технология және білім беру. Оқушылар дрондарды басқаруды ғана емес, электроникамен жұмыс істеуді, бағдарламалауды, тактикалық ойлауды және біртұтас команда болып әрекет етуді үйренеді.

Елорда имиджі. Астана технологиялық спорт картасына шығып, халықаралық жаңа форматтағы жарыстарға қатысатын алаң ретінде өз орнын айқындап отыр.

«Балалар үшін бұл жай ғана турнир емес, болашаққа берілетін билет. Бүгін олар дрондарды басқарып, жұмыс принциптерін үйренуде. Ертең ұшқышсыз аппараттарды жобалайтын болады. Бұл Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемдегі авиацияны түбегейлі өзгертуі мүмкін. Президент атап өткендей, ұшқышсыз технологиялар — стратегиялық басымдық. Ол халықаралық жарыстарға қатысатын осындай мектеп командаларынан басталатынын көрсетіп отырмыз», — деді Kazakhstan Drone Soccer Association ұйымының жетекшісі Дмитрий Иванов.

Елге оралған соң

Күзде командалар Астанада өтетін Digital Bridge 2025 көрмесінің құрметті қонағы болады: халықаралық қонақтарға шеберлік сабақтарын өткізіп, дрон-футболдан көрсетілімдік матчтарға қатысады.

Ұйымдастырушылардың пайымдауынша, бұл жарыс 2025–2026 маусымын ашып, тұрақты мектептердегі жаттығулар мен қалалық лигалардың бастамасы болады.

БАҚ үшін сілтеме:

Осы сілтеме арқылы Digital Almaty 2025 көрмесінде өткен жарыстардың бейнематериалын көруге болады: https://youtu.be/SjgOeHd1Unw?si=s-m8vabhJoWTTgRNj

**«Айғақ»-ақпарат.**

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

«Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы




Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Инновациялық қызмет саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне бере отырып, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі берілетін функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша мемлекеттік органдардың және оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың штат санын қайта бөлуді;

2) осы Жарлықты іске асыру бойынша өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 6 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы «Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі».

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі», делінген Жарлықта.

## ҚАЗАҚ КАРАТЭ СПОРТЫНЫҢ ЖАС ЖҰЛДЫЗЫ

2011 жылы дүниеге келген Бейсен Зере бүгінде Қазақстандағы Каратэ-До WKF спортының жас та дарынды өкілі ретінде танылып жүр.

Зере – отбасындағы тұңғыш қыз, өзінен кейінгі інісі Нұрисламға әрдайым үлгі. Ол Шымкент қаласындағы №47 мектептің 9 «F» сыныбында білім алады және №11 спорт мектебінде жаттығады. Жаттықтырушысы – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, 7-дан дәрежесіне ие профессор Музаффар Тимурович Темірханов.

Каратэмен 9 жылдан бері айналысып келе жатқан Зере бүгінде қара белбеудің иегері, 1-дан дәрежесі бар спорт шеберіне кандидат.

Алғашқы жеңістерін ол 2017–2018 жылдары қалалық турнирлерде иеленді. 2018 жылы Таразда өткен халықаралық жарыста күміс жүлдегер атанып, 2019 жылы Самарқан мен Бішкекте өткен турнирлерде чемпион болды. 2020 жылы Щучинск қаласындағы Burabai Open турнирінде де жеңіс тұғырынан көрінді.

Азия аренасында да биік жетістіктерге қол жеткізді. 2022 жылы Ыстықкөлде өткен Азия чемпионатында және сол жылы Ташкентте өткен Азия кубогында қола жүлдегер атанды. 2024 жылы Ташкенттегі халықаралық турнирде күміс медаль иеленді.

Зеренің соңғы жетістігі – 2025 жылы Бішкекте ұйымдастырылған Bishkek Open халықаралық турнирінде қола жүлде алу.




Табандылығы мен еңбегі, жеңіске деген жігері арқасында Бейсен Зере – Қазақстан спортының болашағына сенім ұялататын жас чемпион.

**Гаухар АЛЛДАБЕРГЕН.**

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫНЫҢ ОФЛАЙН КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ

20 қыркүйектен бастап елімізде ауыл шаруашылығы санағының екінші кезеңі өтеді. Интервьюерлер барлық елді мекенде үй-үйді аралап, деректер жинайды. Жалпы саны шамамен 1,2 млн үй шаруашылығын қамту жоспарланған, деп хабарлайды ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы.

Ауыл шаруашылығы санағы елімізде екінші рет өткізіліп отыр. Оның мақсаты – аграрлық саланың жағдайы туралы толық мәлімет алу, әсіресе ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер деңгейінде. Сауалнама парағы 22 сұрақтан тұрады. Онда мал мен құстың болуы, жер ресурстарын пайдалану, бақша егу, тыңайтқыш қолдану және басқа да мәліметтер сұралады.

«Біз санақтың онлайн кезеңін аяқтадық, ол кезде ауыл шаруашылығы құрылымдары мен үй шаруашылықтарының сауалнаманы sanaq.gov.kz сайтында толтыру мүмкіндігі болды. Ол кезеңге 600 мыңнан астам респондент қатысты. Енді ауқымды кезең басталды: интервьюерлер үйлерді аралап, деректерді планшет арқылы жинайды. Баршаңызды шараға белсенді қатысуға және өзекті ақпарат беруге шақырамыз. Сұрақтар қарапайым әрі тек ауыл шаруашылығы қызметіне қатысты болады. Барлық жауап статистикалық мақсатта пайдаланылады және үшінші тұлғаларға берілмейді», – деді Бюро басшысы Мақсат Тұрлыбаев.

Үй-үйді аралау жұмысына 2,5 мыңнан астам интервьюер жұмылдырылады. Олар айрықша көк түсті формада – жилет пен бейсболкада болады, бейджде жеке басын растауға арналған QR-код орналасады. Егер үй иелері үйінде болмаса, интервьюер байланыс нөмірі көрсетілген хабарландыру қалдырады.

Ұлттық статистика бюросы ақпараттың қауіпсіздігі мен құпия сақталуына кепілдік береді. Барлық жауап заңмен қорғалады, ал деректер тек жалпыланған түрде қолданылады. Сұрақтар туындаған жағдайда Бюроның байланыс орталығына 1446 нөмірі арқылы хабарласуға болады (жұмыс уақыты 9.00–21.00, қоңырау шалу – тегін).

1 тамызда басталған Ауыл шаруашылығы санағы, 20 қазанға дейін жалғасады. Жиналған деректер салаға қатысты мәліметтерді жаңартуға және ауыл шаруашылығын дамытуға арналған шешімдер қабылдауға негіз болады.

**Елорда.**

## ЕЛІМІЗ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗУДІ ҰЛТТЫҚ МОДЕЛІН БЕКІТТІ



Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев 2025–2029 жылдарға арналған орта, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы бірлескен бұйрыққа қол қойды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Құжат Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмасы аясында әзірленіп, білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды кезеңіне айналды. Алғаш рет білім беру саласында жасанды интеллектіні қолданудың бірыңғай ұлттық стандарттары бекітіліп, оған этика, құқықтық реттеу, дербес деректерді қорғау және академиялық адалдық мәселелері енгізілді.

Бұл тұжырымдама мектептерді ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын да қамтиды. Ол жасанды интеллектке арналған арнайы тақырыптарды оқу процесіне енгізуді, заманауи цифрлық оқулықтар шығаруды, оқушылардың ЖИ бойынша сауаттылығын қалыптастыруды және олардың жобалық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауды көздейді. Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби деңгейін Acquire'! Deepen'! Create үшсатылы үлгісі бойынша жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Құжатта баланың құқықтарын қорғау мен педагогтің кәсіби беделін сақтау мәселесіне айрықша мән берілген. Мектептер мен колледждерде жасанды интеллектіні пайдаланудағы этика мен академиялық адалдықтың ортақ қағидалары бекітіледі.

«Бірлескен бұйрыққа қол қою – еліміздің білім беру жүйесін дамытудың жаңа белесі. Тұжырымдама стратегиялық басымдықтарды нақтылап қана қоймай, оны іске асырудың айқын механизмін, мониторинг жүйесін және жол картасын бекітеді. Бұл жасанды интеллектіні мектептер мен колледждерде жүйелі әрі қауіпсіз енгізуге жағдай жасайды. Жасанды интеллект педагогтің орнын баспайды, қайта оның рөлін арттырады. Себебі, білім беру процесіндегі түпкілікті шешімдерді адам қабылдайды», – деді министр Ғани Бейсембаев.

Қазақстан ЮНЕСКО, ЭЫДҰ және Еуропалық одақтың ұсынымдарын негізге ала отырып, бұл бағытта өзіндік ұлттық жолын айқындаған алғашқы елдердің бірі болды.

«Білім беру саласына жасанды интеллектіні енгізу – Қазақстанның ауқымды цифрлық жаңғыру стратегиясының құрамдас бөлігі. Біз балалар мен жастардың тек заманауи құралдардың қолданушысы емес, солардың құрастырушысы болуына мүмкіндік ашып отырмыз. Ұсынылып отырған тұжырымдама – болашақ технологияларын еркін меңгерген, сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен академиялық адалдықты сақтаған жаңа буынды қалыптастыруға жол ашады», – деп атап өтті Жаслан Мадиев.

2025–2026 оқу жылынан бастап «Цифрлық сауаттылық» пен «Информатика» пәндеріне жасанды интеллект элементтері енгізілді. Оқушылар үшін Day of AI әдістемелік кешені әзірленіп, педагогтер үшін арнайы біліктілікті арттыру бағдарламалары іске қосылды.

## 2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН 120 ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ НЫСАН МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ӨТЕДІ

Облыс әкімдіктері гидротехникалық нысандарды коммуналдық гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану және басқару жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың балансына беру бойынша жол карталарын әзірледі, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Осы жол карталарына сәйкес, биыл 120 гидротехникалық нысанды кәсіпорындардың балансына қабылдау жоспарланып отыр. 2026 жылы – 245, ал 2027 жылы – 465 нысанды қабылдау көзделген. Сонымен қатар 1 937-ге жуық гидротехникалық нысанды коммуналдық меншіктен республикалық меншікке беру жоспарда бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бүгінде өңірлерде коммуналдық гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану және басқару жөніндегі 16 мамандандырылған ұйым құрылып, жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде 10 ұйым 2024-2025 жылдары құрылған. Қазіргі таңда бұл ұйымдардың балансына 872 нысан қабылданып, 283 арнайы техника берілді және 1 197 адам жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 310 қызметкер биыл жұмыспен қамтылды.

«Жаңа мекемелер Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар облыстарында, сондай-ақ Абай және Жетісу облыстарында ашылды. Бұл мамандандырылған ұйымдардың басты міндеті – гидротехникалық нысандарды қауіпсіз пайдалану, олардың техникалық жағдайын сақтау және уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізу», – деді су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

**Астана.**

## СИЫР ЕТІ БАҒАСЫ НЕГЕ ШАРЫҚТАП КЕТТІ?

Соңғы уақытта ішкі нарықта сиыр еті бағасының өсуі байқалып, тұтынушылар арасында алаңдаушылық тудыруда. Осыған байланысты ҚР АШМ ірі қара мал еті өндірісінің өзіндік құны мен баға қалыптастыру құрылымы жөнінде ағымдағы жағдайды түсіндіреді.

1 кг еттің орташа өзіндік құны шамамен 2 800–3 100 теңгені құрайды. Көтерме бағасы 1 кг үшін 3 400–3 500 теңге аралығында өзгереді.

Салыстырып қарасақ, көршілес елдерде сиыр етінің бөлшек бағасы әлдеқайда жоғары:

Мәселен, Өзбекстан мен Тәжікстанда — 1 кг үшін 6 500 теңгеге дейін, Ресейде — 8 500 теңгеге дейін, Қытайда — 8 000 теңгеге дейін, Түрікменстанда — 9 000 теңгеге дейін, Түркияда — 13 000 теңгеге дейін бағаланады.

Айта кету керек, ірі қара малдың бір **тұтас етінің тірі салмағынан 50–60%-ы ғана ет ретінде шығады. Оның ішінде тек 15–20%-ы премиум санаттағы бөліктерге (қарын асты еті (филе), қабырға еті (рибай), жамбас еті (кострец) тиесілі, олардың бағасы жоғары болады. Орта деңгей шамамен 40–45%-ды құрайды, төменгі деңгей — 25% шамасында. Сүйек, май және ет қалдықтары, яғни ет ретінде өткізуге жарамсыз бөлігі — 15–20%.**

Осылайша, бөлшек саудадағы сиыр еті бағасы тек өзіндік құнға ғана емес, сонымен қатар еттің санатына, тағамдық құндылығына, малдың семіздігіне және қайта өңдеу тәсіліне байланысты қалыптасады. Майы аз ет бөліктері арзанырақ болса, жоғары мәрмәрлі ет пен жұмсақ құрылымы бар кесінділер жоғары сапаға жатады және олардың бағасы қымбат болады.

Министрлік негізсіз бағаның өсуін тежеу үшін жүйелі шараларды жүзеге асыруды жалғастыруда. Олардың қатарында — бордақылау алаңдары мен шаруашылықтарды жеңілдетілген несиелеу бағдарламасын кеңейту, ет өңдеу кәсіпорындарын салу және жаңғыртуды қолдау, бағаны тұрақтандыру бойынша форвардтық сатып алу мен интервенцияларды жүргізу бар.

АШМ жағдайды тұрақты түрде қадағалап, әкімдіктермен және мүдделі құрылымдармен өзара іс-қимыл жүргізуде. Бұл халық үшін азық-түлік қауіпсіздігін және ет өнімдерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ауыл шаруашылығы министрлігі 1 килограмм сиыр етінің бағасы 3 400–3 500 теңге деңгейінде екендігін, оның өндірушілердегі орташа көтерме баға болып саналатынын түсіндіреді.

# «ОТПЕН АРПАЛЫСҚАН ЕРЛІК

Шымкент қаласында соңғы күндері Төтенше жағдайлар министрлігінің құтқарушылары мен өрт сөндірушілері бір емес, бірнеше маңызды оқиғада ерлік пен кәсібиліктің жарқын үлгісін көрсетті. Олар адам өмірін сақтап қана қоймай, қасиетті орындарды жалыннан қорғап, халықтың күнделікті тіршілігіне қауіп төндірген төтенше жағдайлардың алдын алды. Олардың табандылығы мен батыл қадамдары – халықтың сенімі мен тыныштығының кепілі.

### ҚАСИЕТТІ МЕШІТТІ АМАН САҚТАДЫ

Өткен аптада Шымкент қаласының 112 бірыңғай кезекші қызмет пультіне үрейлі хабар түсті: Тұран ауданындағы Қ. Әділбеков көшесінде орналасқан екі қабатты мешіттің төбесінен қою түтін шығып жатқаны байқалған.

Бұл хабарды естіген бойда қалалық ТЖД өрт сөндіру бөлімдері оқиға орнына жетіп, дереу іске кірісті. Жауынгерлер шатырдың ағаш конструкцияларын ашып, өрттің көзін тапты. Жедел әрі кәсіби әрекеттердің арқасында жалын ұлғайып, қасиетті мешіттің ішін шарпыған жоқ.

Ең бастысы – адамдар зардап шекпеді. Құтқарушылардың дер кезінде жасаған іс-қимылы мешітті үлкен апаттан сақтап қалды. Бұл оқиға өрт қауіпсіздігін сақтау әрбір тұрғынның басты міндеті екенін тағы бір мәрте көрсетті.

### ЖАСӨСПІРІМ МЕН ЖАНУАРДЫ ҚҰТҚАРҒАН ҚАЙСАРЛЫҚ

Шымкенттің Абай ауданы, Алтынтөбе тұрғын алабында күтпеген жағдай болды. 2012 жылы туған жасөспірім серуендеп жүрген кезінде абайсызда 5 метрлік терең шұңқырға атпен бірге құлап кетті.



Жағдайдың қауіптілігін аңғарған куәгерлер бірден «112» қызметіне хабарласты. Оқиға орнына дер кезінде жеткен ТЖМ құтқарушылары шұғыл шешім қабылдап, альпинистік құралдарды пайдалана отырып, баланы абайлап шұңқырдан шығарып алды.

Жасөспірімнің серігі болған ат арнайы автокранның көмегімен шығарылып, иесіне қайтарылды. Ал бала медицина қызметкерлерінің тексеруіне жіберіліп, өміріне ешқандай қауіп төніп тұрмағаны анықталды.

Бұл оқиға құтқарушылардың кәсібилігі мен жедел қимылы ғана емес, олардың адам өміріне, жануар тағдырына да бірдей жауапкершілікпен қарайтынын айқын көрсетіп берді.

### САУДА ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАЛЫНДЫ АУЫЗДЫҚТАДЫ

Шымкент қаласының Төлеметов көшесінде орналасқан ірі саудаойын-сауық орталығында да төтенше жағдай тіркелді. Қою түтін мен ашық жалын қысқа уақыт ішінде ғимаратты шарпи бастады.

Өрттің жоғары деңгейі ескеріліп, қосымша күш пен техникалар жұмылдырылды. Құтқарушылар автосаты мен үш иінді сатыларды қолданып, ғимараттың жоғарғы қабаттарына көтерілді.

Жедел әрі батыл қимылдың нәтижесінде екі адам шатыр арқылы, тағы үш адам екінші қабаттан құтқарылды. Қалған азаматтар өздігінен эвакуацияланды.

Өрттің жалпы аумағы 270 шаршы метрді құраса да, құтқарушылардың үйлесімді жұмысының арқасында ғимарат толық жанып кетуден сақталды.

Өрт сөндірушілер мен құтқарушылар – бейбіт күнде ел тыныштығы үшін жанын шүберекке түйіп, әрқашан дайын тұратын қаһармандар. Олардың әрбір әрекеті – тек кәсібилік емес, жүректегі отансүйгіштік пен халық алдындағы адалдықтың белгісі.

ТЖМ ескертеді: «Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайық! Бұл – өзіміздің ғана емес, өзгелердің де өміріне деген жауапкершілік».

### ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ОТБАСЫ – МЫЗҒЫМАС ТІРЕК

Шымкент қаласында өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың отбасы мүшелері Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына орай өткен мерекелік іс-шараға қатысты. Шара «ҚР ТЖМ 30 жылдығына арналған 30 игі іс» акциясы аясында ұйымдастырылды.

Мақсат – төтенше жағдайлар қызметінің маңызды миссиясымен жақынырақ таныстыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу және құтқарушылардың кәсіби еңбегіне құрмет көрсету.

Іс-шара барысында қонақтарға өрт сөндірушілердің күнделікті қызметі таныстырылып, арнайы техника мен жабдықтар көрсетілді. Отбасы мүшелері қызметтік бөлмелерді аралап, демалыс орындары мен асхананы көрді. Сондай-ақ олар арнайы киімдерді киіп, құтқарушы мамандығының жауапкершілігі мен қатерін сезінуге мүмкіндік алды.

Оған қоса, тұрмыстық қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, өрт сөндіру мен алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық жаттығулар ұйымдастырылды. Балалар мен ата-аналар үшін психологиялық тренинг



те өткізілді.

Бұл мереке құтқарушыларға қолдау көрсетіп қана қоймай, олардың ардақты еңбегінің артында тұрған отбасылардың да шыдамдылығы мен мызғымас тірегін айқындады.

## ӘСКЕР – ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ

Шымкентте әскери міндеттілердің арнайы оқу-жаттығу жиыны басталды.

Шымкент қаласының аумақтық қорғаныс бригадасында әскери міндеттілерге арналған арнайы оқу-жаттығу жиыны салтанатты түрде ашылды. Тоқсаннан астам шымкенттік азамат он күнге «Ақтас» оқу-жаттығу полигонында әскери білімін жетілдіруге кірісті.

Бұл жиынның басты мақсаты – әскери-практикалық дағдыларды шыңдау, жауынгерлік даярлық деңгейін көтеру және Отанды қорғауға әрдайым дайын болу.

Жиынға қатысушылардың бірі – Шымкент қаласындағы №124 мектептің физика пәнінің мұғалімі, запастағы лейтенант Мақсат Юлдашев. 2013 жылы әскери кафедрада офицерлік дайындықтан өткен ол бұл жолы алғаш рет әскери жиынға шақырылып отыр.

– Әрбір азамат үшін Отан қорғау – қасиетті міндет. Әскери жиынға келу арқылы өзімнің азаматтық борышымды сезініп, тәжірибемді жетілдіргім келеді. Болашақта елімнің тыныштығын қорғауға дайын болу – басты арманым, – дейді ол.

Аумақтық қорғаныс бригадасының күзгі тактикалық оқу-жаттығуына 93 әскери міндетті шақырылды. Олар 17–26 қыркүйек аралығында әскери дайындықтан өтеді. Мұндай жиындар әр бес жыл сайын өткізіліп, қатысушылардың жауынгерлік қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әскери бөлім командирі полковник Бақытжан Әшімовтің айтуынша, оқу-жаттығу жоспары тәжірибелі офицерлер мен нұсқаушылардың жетекшілігімен жүргізілуде. «Ақтас» полигонында қажетті барлық жағдай жасалған: жатын орындар, асханалар, оқу сыныптары бар.

Айта кетейік, арнайы оқу-жаттығу жылына екі рет – көктемде және күзде ұйымдастырылады. Биыл көктемде өткен жиынға 200-ге жуық әскери міндетті қатысқан болатын. Жауынгерлік даярлық кезінде олардың негізгі жұмыс орны мен жалақысы сақталады, сондай-ақ киім-кешекпен және азық-түлікпен толық қамтамасыз етіледі.

Әскер – ел қорғаны, ал Отан алдындағы борыш – әр азаматтың абыройлы парызы.

Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

## ПОЛИЦЕЙЛЕР МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КЕШЕНДІ ТЕКСЕРІСТЕР ЖҮРГІЗУДЕ

Шымкент қаласында полиция қызметкерлері ет сататын орындарға, мал тасымалдаушы көліктерге және мал сою алаңдарына кең ауқымды тексерістер жүргізді. Бұл шаралар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және департамент бастығының тапсырмасына сәйкес, мал ұрлығына қарсы іс-қимылды күшейту мақсатында қолға алынды.

Қалалық полиция департаментінің құрылымдары арнайы топ құрып, мал ұрлығының алдын алу, заңсыз тасымалданатын малдың иесін анықтау, сондай-ақ мал және ет өнімдерін сатуға байланысты заң бұзушылықтардың жолын кесуге кірісті.

Тексеріс барысында 18 шаруа қожалығы, 64 ет сататын орын, 12 мал тасымалдаушы автокөлік және мал сою алаңдары бақылаудан өтті. Полиция қызметкерлері жергілікті атқарушы органдар және ветеринария саласының мамандарымен бірлесіп, құжатсыз төрт түлік тасымалдау фактілерін анықтап, ет өнімдерінің сапасы мен заңдылығына ерекше назар аударды.

Жыл басынан бері аталған бағыттағы тексерістер нәтижесінде 147 әкімшілік құқықбұзушылық дерегі тіркеліп, хаттамалар толтырылды.

Полиция қызметкерлері халықтың мүлкін қорғау, заңсыз әрекеттердің алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарын жалғастыруда.

## 141 МИЛЛИОН ТЕҢГЕЛІК ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ СХЕМАСЫ ӘШКЕРЕЛЕНДІ

Шымкент қаласында полиция қызметкерлері ауқымды киберқылмыстық схеманың жолын кесті, – деп хабарлайды Polisia.kz.

Қалалық полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы бөлімшесі жүргізген жедел-іздестіру шаралары нәтижесінде интернет-алаяқтықпен айналысқан қылмыстық топтың әрекеті тоқтатылды. Тергеу барысында күдіктілердің Шымкент, Алматы және Алматы облысында жасалған 9 интернет-алаяқтық дерегіне қатысы бар екені анықталды. Келтірілген материалдық шығын 141 миллион теңгеден асты.

Арнайы операция барысында қылмыстық топтың 4 мүшесі қолға түсті. Олардың қатарында:

- топ басшысы және ұйымдастырушы,
- дропперлерді іздеп, тартумен айналысқан екі қатысушы,
- қолма-қол ақша алып, ұйымдастырушыға жеткізіп отырған тасымалдаушы бар.

Қазіргі таңда тергеу амалдары жалғасуда. Полицейлер күдіктілердің өзге де ұқсас қылмыстарға қатыстылығын тексеруде. Іс-шара қалалық прокуратураның үйлестіруімен өткізілді.

Айта кетейік, 16 қыркүйектен бастап заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, банк шотына, төлем немесе сәйкестендіру құралдарына заңсыз қол жеткізу, оларды беру немесе алу, сондай-ақ заңсыз ақша аударымдарын жүзеге асыру қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Шымкент полициясы азаматтарды қырағылық танытып, күмәнді сілтемелер мен бейтаныс адамдардың ұсыныстарына сенбеуге шақырады.

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АГРОӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНДА КӨШ БАСТАП ТҰР

Түркістан облысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі тапсырмалары қарқынды орындалуда. Өңірде биылғы 8 айда агроөнеркәсіп кешеніне 121 млрд теңге инвестиция тартылып, барлық негізгі индикаторлар межеден асыра орындалды.

Облыстың жалпы ауыл шаруашылығы өнімі 100,1%-ды құрады. 9 айдың қорытындысымен бұл көрсеткішті 104,3%-ға жеткізу жоспарланып отыр. Су үнемдеу технологиялары жоспарланған 27 мың гектардың орнына 59 мың гектарға енгізіліп, жалпы көлемі 114 мың гектарға жетті. Бұл тәсіл 2028 жылға дейін тұрақты түрде ұлғайтылатын болады.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров аппарат мәжілісінде Президент тапсырмаларының орындалуы қатаң бақылауда екенін атап өтіп:

«Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының басты драйвері. Өнімділікті арттыру үшін су үнемдеу технологиялары мен заманауи агроинновацияларды кеңінен енгізу қажет. Жоспар орындалмаған жағдайда жауапты басшылардың жауапкершілігі қаралады», – деді.

Инфрақұрылым мен өндіріс жаңаруда

• Жыл соңына дейін 1649 дана ауыл шаруашылығы техникасын алу көзделген, оның ішінде 1379-ы сатып алынды.

• Түлкібас, Сайрам, Шардара аудандарында 6,4 мың тоннаға арналған үш жаңа жеміс-көкөніс сақтау қоймасы іске қосылды. Алдағы жылы Сарыағашта 10 мың, Қазығұртта 3 мың тонналық қоймалар пайдалануға берілмек.

• «БНК Агро КЗ» ЖШС 800 басқа арналған сүт фермасын кеңейтті. Келесі жылы Төлеби мен Түлкібас аудандарында тағы екі сүт фермасы ашылады. «Сарыағаш құс» ЖШС мен «Қарқын трейд» ЖШС құс еті өндірісін жолға қоюда.

Ел көлемінде жетекші орында

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы өнімдерінің республикадағы жалпы үлесінің 13,7%-ын қамтамасыз етіп, 1-орында тұр. Биылғы 8 айда өнім көлемі 487,7 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда өсім байқалды.

• Ет өндірісі – 122,9 мың тонна
• Сүт өндірісі – +15,7%
• Жұмыртқа өндірісі – +5,7%

Агроөнеркәсіп саласына бағытталған инвестиция 97,6 млрд теңгеге жетіп, өсім 140,3% болды.

## ИСЕСКО БАС ДИРЕКТОРЫ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ НЫСАНДАРЫМЕН ТАНЫСТЫ



Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымының (ИСЕСКО) бас директоры Салим бин Мұхаммед Әл-Малик бастаған делегация Түркістан облысына ресми сапармен келді.

Сапар Арыстан баб кесенесіне зиярат етуден басталды. Мәртебелі меймандарды арнайы күтіп алған облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев өңірдегі тарихи нысандармен таныстырды.

Қонақтар әрі қарай ежелгі Отырар қалашығына барып, отырарлық өркениеттің бай мұрасымен, археологиялық жәдігерлермен және қалашықтың тарихымен танысты. Сапар барысында тарихи нысандарды Ислам әлемінің мәдени мұралар тізіміне енгізу мәселесі де қарастырылды.

Сонымен қатар, іссапар Түркістан қаласында жалғасып, делегация мүшелері сәулетімен талайды тамсандырған Қожа Ахмет Ясауи кесенесін аралады. Одан кейін «Керуен сарай» туристік кешеніне барды.

Айта кетейік, делегация сапары ертең де жалғасып, Түркістандағы бірқатар мәдени нысандарды

## ҚАПЛАНБЕК ЖЕМІС - ЖҮЗІМ СОВХОЗЫНА – 100 ЖЫЛ

Сарыағаш ауданындағы ауыл шаруашылығының алтын діңгегіне айналған Қапланбек совхозына биыл – 100 жыл! Бір ғасырлық тарихы бар ауыл – тұтас елдің ауыл шаруашылығындағы ірі жетістіктерінің символы, табанды еңбек пен маңдай тердің шынайы жемісі.

Мерейлі мерекеге орай Сарыағаш ауданында кең ауқымды салтанатты жиын өтті. Ауылдың торқалы тойына аудан әкімі Арман Абдуллаев, аудандық мәслихат төрағасы Рысбек Асылбекұлы, депутаттар, ел ағалары, ауыл тұрғындары мен совхозда тер төккен ардагерлер жиналды.

Мерекелік шара аясында Қапланбектің ғасырлық шежіресін бейнелейтін ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылып, жұртшылық назарына ұсынылды. Бұл – бір ғасырлық еңбектің, үздіксіз дамудың, жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығының жарқын көрінісі.

Аудан әкімі Арман Абдуллаев:

"Қапланбек совхозының бір ғасырлық тарихы – табандылықтың, маңдай тер мен адал еңбектің жемісі. Бұл мерейтой – өткенді қастерлеп, болашаққа нық қадам басуға жетелейтін маңызды белес. Қапланбек сынды тарихы терең, болашағы жарқын ауылдардың дамуы – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығының кепілі." – деп атап өтті.

Сонымен қатар ұзақ жылдар бойы совхозда тер төккен ардагерлерге алғыс хаттар табысталды. Олардың еңбегі – бүгінгі ұрпақ үшін үлгі, ауылдың өркендеуіндегі өлшеусіз үлес.

1925 жылы құрылған Қапланбек совхозы алғашында 170 гектар жерге алма мен алша егіп, жеміс-жидек шаруашылығын бастаған. Бертін келе өнімдері Ташкент арқылы Мәскеуге дейін жетіп, еліміздің мақтанышына айналды.

1934 жылы совхоз орталығында іске қосылған шарап зауыты – өңірдің ғана емес, бүкіл Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы тың серпіліс болды. «Қапланбек» маркалы шараптар халықаралық көрмелерде 50-ден астам алтын, күміс, қола медаль иеленіп, ауыл атағын әлемге паш етті. Бұл жетістікте зауытты басқарған Иван Акимович Тыщенконың еңбегі зор болды.

Мерекелік жиыннан соң аудан әкімі Арман Абдуллаев Ташқұлақ ауылындағы "Asia Distillery" зауытына барып, заманауи өндіріс технологияларымен танысты. Кәсіпорын басшылығы өнім сапасы мен экспорттық әлеует жөнінде баяндама жасап, алдағы жоспарларын бөлісті.

Қапланбек совхозының 100 жылдық мерейтойы – тек бір ауылдың емес, бүкіл өңірдің ортақ қуанышы. Ата-бабамыздың ерен еңбегімен басталған бұл жол – келешек ұрпақ үшін мақтаныш, ұлт рухын көтеретін шежірелі тарих. Бір ғасырлық жолды артқа тастап, Қапланбек жаңа белестерге нық қадам басуда.

## МАҚТААРАЛДА ЖАҢА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ МЕН КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Түркістан облысында әлеуметтік және мәдени нысандардың саны артып келеді. Соның бірі – Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округіне қарасты Ж.Қалшораев елді мекенінде салынған жаңа мәдениет үйі мен кітапхана. Нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Бақыт Асанов қатысып, ауыл тұрғындарын құттықтады.

«Мәдениет үйі – ауылдың рухани дамуына үлкен серпін береді. Бұл – Мемлекет басшысының өңірлерді өркендету, мәдениет пен өнерді қолдау жөніндегі тапсырмаларының нақты орындалып жатқанын көрсетеді. Енді ауыл жастары өнерін дамытып, кітап оқып, білімін жетілдіруге мүмкіндік алады», – деді аудан басшысы.

Жобаның ерекшелігі

• Құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталып, «Нұрі-Л-Жетісай» ЖШС-і орындады.
• Жобаның жалпы құны – 743,5 млн теңге.
• Екі қабатты мәдениет үйі 200 орынға арналған.
• Ғимараттың жалпы аумағы – 709,72 шаршы метр, оған тиесілі жер телімі – 1,27 гектар.
• Ішінде көрермендер залы, қызметтік кабинеттер және заманауи кітапхана қарастырылған.

Рухани орталыққа айналады

Жаңа мәдениет үйі тек сахналық өнердің ғана емес, ауыл тұрғындарының бас қосатын мәдени орталығы болмақ. Мұнда түрлі үйірмелер, концерттер, семинарлар мен кездесулер ұйымдастырылады. Ал кітапхана ауыл тұрғындарының білімін арттырып, балалар мен жастардың оқу мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

## ТӨЛЕБИДЕ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ 16 ЖАҢА ТЕХНИКА БЕРІЛДІ



Төлеби ауданында «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында және «Таза Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында коммуналдық қызметтердің материалдық-техникалық базасы жаңа деңгейге көтерілді. Ауданға 16 жаңа техника табысталды.

Салтанатты рәсімге аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов қатысып, коммуналдық сала мамандарына арнайы кілттерді табыс етті. Ол өз сөзінде еңбек адамдарын ерекше атап өтіп, олардың ауданның көркеюі мен тұрғындардың жайлы өміріне қосқан үлесін жоғары бағалады.

Жаңа техникалар ауылдық округтерге бөлініп, коммуналдық сала қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетуге, сапалы әрі жедел қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, осы күні аудан көлемінде Дүниежүзілік тазалық күніне орай жалпы сенбілік өтті. Іс-шараға тұрғындар, коммуналдық қызметкерлер мен қоғамдық ұйымдар белсенді қатысып, көшелер мен қоғамдық орындар тазартылды.

Бұл шаралар – ауданның тазалығын арттырып қана қоймай, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған нақты қадамдар.

## «АҚ БИДАЙ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АУЫЛ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫНДА ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ



11–21 қыркүйек аралығында Алматы облысында VIII республикалық «Ақ бидай» ауыл спорты ойындары өтті. Әр төрт жыл сайын ауыл тұрғындарының спорттық шеберлігін шыңдау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында ұйымдастырылатын бұл кешенді додада спорттың 20 түрі бойынша үздіктер анықталды.

Түркістан облысынан жарысқа 250-ге жуық спортшы мен делегация мүшелері қатысты. Жарыс нәтижесінде Түркістан облысы 498 ұпай жинап, жалпыкомандалық I орынды иеленді. II орынға 428 ұпаймен Алматы облысы жайғасса, III орынды 385 ұпай еншілеген Батыс Қазақстан облысы түйіндеді.

Айта кетейік, Түркістан облысы құрылғалы бері қатарынан екі мәрте республикалық «Ақ бидай» ауыл спорты ойындарының жеңімпазы атанып отыр.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ

# АҒАЙЫНДЫ ЧЕМПИОН САБЫРХАНДАРҒА СЫЙ-ҚҰРМЕТ

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков қала спортын жаңа белеске көтеріп жүрген дарынды жастармен – Әлем және Азия чемпиондарымен кездесті. Жылы жүздесу мақтаныш пен шабытқа толы атмосферада өтіп, спортшылар өз әсерлерімен, болашақтағы жоспарларымен бөлісті.

Қала әкімі чемпиондардың жеңістері тек Шымкенттің ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының мерейін үстем еткенін атап өтіп:

«Сіздердің әрбір жеңістеріңіз – еліміздің абыройын асқақтататын тарихи оқиға. Бұл жетістіктер жас ұрпаққа жігер береді, ел намысын қорғаудың жауапкершілігін сезіндіреді», – деді.

Айта кетейік, жақында Ливерпуль қаласында өткен бокстан Әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы бұрынсоңды болмаған нәтижеге қол жеткізді. Отандастарымыз барлығы 7 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль еншілеп, әлемдік аренада Қазақстанның спорттық қуатын айқын көрсетті. Бұл жетістік – ұлттық бокстың тарихына алтын әріппен жазылды.

Жекелей айтқанда, ағайынды Сабырхандардың жеңісі ерекше мақтанышқа айналды.



• Махмұд Сабырхан әлемдік додада екінші рет топ жарып, өз атағын нығайта түсті. Оның техникасы мен шеберлігі спорт мамандары тарапынан жоғары бағаланды.



• Төрехан Сабырхан небәрі 19 жасында тұңғыш рет әлем чемпионы атанып, қазақ боксындағы жаңа жұлдыз ретінде тарихқа енді. Бұл жеңіс оның спорттық жолының басы ғана екені даусыз.

Кездесуде Азия чемпионатының жеңімпаздары да құрметке бөленді. Олар өз тәжірибелерімен бөлісіп, болашақта Олимпиада ойындарында ел намысын абыроймен қорғауға уәде берді.

Ғабит Сыздықбеков чемпиондарды арнайы марапаттап, алғыс хаттар табыстады. Сонымен қатар спортшылардың дайындық базасын жақсарту, спорт инфрақұрылымын дамыту бағытында нақты шаралар қолға алынатынын жеткізді.

«Шымкент – талантты жастардың қаласы. Біз әрқашан спортшыларымызды қолдап, олардың халықаралық деңгейде биік белестерді бағындыруына жағдай жасаймыз», – деді әкім.

Кездесу барысында чемпиондар жас жеткіншектерге еңбекқорлық пен төзімділіктің арқасында жетістікке жетуге болатынын айтып, спортқа шақырды.

# АЛҒАШ РЕТ КЕІРДЕК БИФУРКАЦИЯСЫНЫҢ РЕЗЕКЦИЯСЫН ЖАСАДЫ

Шымкент қалалық онкологиялық орталықта қатерлі ісікке шалдыққан 37 жастағы науқасқа кеңірдек бифуркациясының резекциясы жасалды. Операция барысында дәрігерлер науқастың оң және сол жақ бронхтарын, кеңірдек бифуркациясын кесіп алып, реконструкциялық жолмен жаңа бифуркация жасады.

Аса күрделі операциялар қатарына жататын ота тек қаламызда ғана емес еліміздің онкологиялық диспансерлері арасында алғаш рет жүзеге асырылды. Аталған операция дәрігерлерден жоғары біліктілікпен қатар командалық жұмысты талап етеді.

Мұндай жоғары технологиялық операцияларды тәжірибеге енгізу мақсатында онкологиялық орталық Ресейдің Н.Н. Петров атындағы онкология ұлттық медициналық зерттеу орталығымен тығыз байланыс орнатқан. Орталық қызметкерлері арнайы шақыртылған Ресейдің жетекші мамандарының шеберлік сабақтарына тұрақты түрде қатысып, біліктілігін арттырып отырады.

# «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Түркістан облысында Мемлекет басшысының тапсырасы аясында «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын» жүзеге асыру жұмыстары жүріп жатыр. Аталған мәселе облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппараттың апталық мәжілісінде талқыланды. Өңір басшысы жауапты тұлғаларға өз міндеттерін сапалы атқару жөнінде тапсырма берді.

– «Заң мен тәртіп» қағидатының маңызы зор. Осы идеяны жүзеге асыруға арналған қоғамдық акциялар мен іс-шараларды, пікірталастарды формалды түрде емес, білікті сарапшылар мен мамандарды қатыстыра отырып, ауқымды деңгейде өткізу керек. Облыс тұрғындарына тегін заңгерлік кеңес беру акциялары жыл бойы тұрақты түрде ұйымдастырылуы қажет. Халықтың қаржылық қауіпсіздігін нығайтуға арналған профилактикалық жұмысты жандандырыңыздар, – деді Нұралхан Көшеров.

Мәжілісте Түркістан облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Арман Бейсенбаев пен Облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Нұрсұлтан Сейтжановтың есептері тыңдалды.

Облыста «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы» жоспар 5 негізгі бағыттан және 55 іс-шарадан тұрады. Полиция департаменті, сондай-ақ жергілікті атқару органдарына іс-шараның 10 тармағы белгіленген. Тиісті жұмыстар нәтижесінде өңірде 520 полицияның қоғамдық көмекшілері жұмысқа (ақылы 382, ақысыз 119) тартылып, олардың көмегімен 47 қылмыстың ізін суытпай ашуға және 1917 әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін көтеру жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында қала, аудан, сондай-ақ шалғай ауылдарда үйме-үй аралау жұмыстары ұйымдастырылып, интернет-алаяқтық қылмысының алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Азаматтарға тегін заңгерлік кеңес беру бойынша жыл басынан 3 рет жолда қабылдау акциясы өткізілді. Есірткіге қарсы профилактикалық жұмыстар атқарылып, іс-шараларға 76 мыңнан астам оқушы мен студент, ата-аналар және жергілікті тұрғындар қатысқан. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, тұрғындардың құқықтарын қорғау бағытындағы жүйелі жұмыстар атқарылуда. Облыстағы білім беру ұйымдарының маңына жылдамдықты шектеуге арналған 514 дана жол белгісі, 276 жасанды жол кедергісі және жаяу жүргіншілер өткеліне 4 дана бағдаршам орнатылып, 2100 метр аяжол мен 2 264 білім беру ұйымының алдындағы жаяу жүргіншілерге арналған жолақтары жаңартылған.

2025 жылға мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс аясында «Заң мен тәртіп» қағидаларын іске асыру бойынша Қоғамдық даму басқармасы және аудан, қала әкімдіктері тарапынан 21 жобаны жүзеге асыру жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде «Қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы қызметті ұйымдастыру», «Қаржылық сауаттылықты арттыру және борышкерлерге құқықтық қолдау көрсету», «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды қайта әлеуметтендіру процесіне тарту» жобалары және өзге де бастамалар бар. Сонымен бірге жыл басынан бері 17 аудан, қалада халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында «Аманат» партиясымен бірлесіп атқарылып жатқан «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржы сарапшылары 3494 азаматты онлайн, 2378 азаматты оффлайн форматта оқытты.

Жыл басынан бері жастар мен жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың, әлімжеттіктің алдын алу, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында 567 психопрофилактикалық жұмыстар жүргізіліп, 36 210 жас қамтылған. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады.

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТА ТОП ЖАРҒАН ШЫМКЕНТТІК ФЕЛЬДШЕРЛЕР



**Үш күнге созылған Ақтау қаласында өткен халықаралық жедел медициналық жәрдем бригадаларының республикалық чемпионатына еліміздің 20 өңірінен, сондай-ақ Ресей Федерациясынан, Беларусиядан және Әзербайжаннан командалар қатысты. Білім-біліктілік сайысында Шымкент қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының фельдшерлік бригадасы балаларға реанимация көрсету кезеңінде бірінші орынға ие болды. Чемпионатқа дәрігерсіз қатысқанымен, топ кәсіби шеберлігінің арқасында үздік атанды. Жалпы қорытынды бойынша Шымкент бригадасы 5-орынға тұрақтады.**

**Чемпионаттың басты мақсаты – жедел жәрдем қызметкерлерінің білімін арттыру, кәсіби тәжірибесін шыңдау және медициналық көмектің сапасын жақсарту. Мұндай жарыстарда мамандар тәжірибе алмасып, күнделікті жұмыста қажетті озық дағдыларды меңгереді.**

**Жергілікті бригадалар республикалық чемпионаттарға белсене қатысып, жылда жақсы нәтижелер көрсетіп келеді.**

*Бет қатталып жатқанда:*

# САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ СИЫР ЕТІ БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖЕЛІНІ ІСКЕ ҚОСТЫ

Сауда және интеграция министрлігі ет нарығындағы мәселелер бойынша жедел желінің іске қосылғанын хабарлайды. Жедел желі республика бойынша жұмыс істейді және азаматтар мен бизнес өкілдері үшін қолжетімді.

Жедел желіге ет бағасының деңгейіне, сауда нүктелеріндегі сауда үстемесіне, сондай-ақ өнімді жеткізуге байланысты мәселелер бойынша жүгінуге болады.

Бұл жедел желі халықпен, бизнеспен кері байланысты күшейту, азық-түлік нарығындағы ашықтықты арттыру және жергілікті жерлерден келіп түсетін сигналдарға уақтылы әрекет ету мақсатында құрылды.

Байланыс деректері ҚР СИМ Тұтынушылардың құқықығын қорғау комитетінің жедел желі телефондары (Астана): +7 (7172) 74-98-32 +7 (7172) 75-06-49 +7 (7172) 74-98-36

Өңірлер бойынша жедел желілер: Астана қаласы 8 (7172) 57-64-02 Алматы қаласы 8 (727) 392-21-54 Шымкент қаласы 8 (7252) 53-07-06 Абай облысы 8 (7222) 35-37-43 Ақмола облысы 8 (7162) 50-29-89 Ақтөбе облысы 8 (7132) 54-81-26 Алматы облысы 8 (7272) 72-50-083 Атырау облысы 8 (7122) 52-03-91 Батыс Қазақстан облысы 8 (7112) 50-00-44 Жамбыл облысы 8 (7262) 54-21-69 Жетісу облысы 8 (7282) 41-56-10 Қарағанды облысы 8 (7212) 21-42-08 Қостанай облысы 8 (7142) 53-46-80 Қызылорда облысы 8 (7242) 71-15-30 Маңғыстау облысы: 8 (7292) 43-14-34 8 (7292) 43-01-17 Павлодар облысы 8 (7182) 55-10-70 Солтүстік Қазақстан облысы 8 (7152) 46-81-33 Түркістан облысы: Абдусаттаров Нұрдаулет +7 707 111 6501 Әшімханов Асқар +7 771 322 82 82 Ұлытау облысы 8 (7102) 76-30-10 Шығыс Қазақстан облысы 8 (7232) 26-72-07

Бетті дайындаған: Әлия

Зілді әзіл...

# ЕСКІ ДИІРМЕН

Біздің үйдің алдында ескі диірмен бар. Өзі оңаша жарқабаққа орналасқан.

Осы диірменді көрген сайын менің көз алдыма зейнетке шыққан кәрі шенеунік елестейді. Екеуінің арасында көзге бірден байқала бермейтін, бірақ табиғи ұқсастық бар сияқты.

Иә, тура адам бейнесіндей! Әсіресе терезесін айтсаңызшы: әйнегі сынып, шенеуніктің көзілдірік тағып, өткенге үмітсіз қарайтын бозарған екі көзіне аумай қалады.

Топсасы сынып, сықырлап ашылған есігі – тісі түскен шенеуніктің аузындай; сынған шифері – басындағы шляпасына ұқсайды. Қабырғаларындағы терең сызаттары – уақыт бедерлеген кәрі мырзаның бет-жүзіндегі әжімдері секілді. Ал жаңбырлы, тұманды күндері бұл диірменнің мұнарланған сұлбасы креслода қалғып отырған қарт адамның бейнесін еске түсіреді. Сондықтан мен күн сайын таңертең оған көз тастауды әдетке айналдырғанмын.

Уақыт-ай, десеңізші! Мұндай ұқсастыққа не шара...

Бір кездері халық қазіргі қарт шенеунік секілді, мысалы, қамсыздандыру бөлімінің бастығының алдына кезекке тұрғандай, ескі диірменнің алдында да жан-жақтан ат-арбамен, жаяу-жалпылап бидайын алып келген адамдар кезек күтіп тұратын.

Бұрынғы шенеунік қағазбастылыққа салынып, жұрттың жұмысын екі-үш күнге созып жіберсе, диірменге келген халық та бидайын тарта алмай, бірде шығыр сынып, бірде суы азайып, амалсыз бөгелетін.

О, айта берсең, бұлардың ұқсастығы көп еді.

Шенеунік қызмет барысында зіркілдесе, ескі диірмен су қысымынан дүрсілдейтін.

Шенеунік параға тоймаса, диірмен бидайға тоймайтын – шаң-тозаңына, қиыршық тастарына қарамай, бәрін қомағайлана жұта беретін.

Шенеуніктің шляпасы ұшып кетсе, диірменнің шифрі де ұшып кететін.

Шенеунік қағазбен алдаса, диірмен таразымен алдайтын.

«Қымбат кісінің» қолында қаламы, қолтығында папкасы болса, диірменнің де өз «қаламы» бар еді: бидай мен тартылған ұнның килограмын жазып отыратын.

Тіпті гүрсілдеген, шырылдаған, сырылдаған тыныстары да бір-бірінен айнымай, қарттықтың жақындағанын сездіретін. Екеуі де ақтық демдері таусылғанша жұмысын тоқтатпауға тырысатын. Бірақ уақыт дегенің шіркін, кімге дес берді дейсіз...

Ескі диірмен!

Бүгінде суың тартылып, қабырғаң қақырап, жанары солған кәрі шенеуніктен аумай қалғансың.

Айсыз түнде саған қараудың өзі қорқынышты.

Қараңғыда сұлбаң бұдан бетер зорайып, айналаңды әлдебір құбыжықтар кезіп жүргендей, есік-терезеңнен сығалап тұрғандай әсер қалдырады.

Мүмкін, бұл – елес болар.

Ескі диірмен – ескі шенеунік!



# ИНДИКАТОР ДОСТАРЫМ



Мен бұрын лауазымды қызмет атқарып жүргенімде достарым көп болатын. Әңгімеміз әрдайым жоғары деңгейден басталатын.

Жер шарының «ыстық нүктелері», әлемдік дағдарыс, кейбір мемлекеттердің заңдық ерекшеліктері жайлы сөз қозғап, соңында менің атыма тост көтеріліп, іскерлігім жайында мадақ айтылатын.

«Сәке, сіздің бір қоңырауыңыздың арқасында!»

«Осыны министрлікке жеткізсеңіз ғой!»

«Бұл туралы атқарушы органдар не дейді екен?» – деген секілді сөздер жиі айтылатын.

Тіпті тапсырыспен ән орындататынбыз:

«Стюардесса қарындас,

Ақ тамақты қарындас!» – деген сияқты сол кездегі сәнді әндер төгілетін.

Шіркін, өмірдің қызығы деген осы емес пе! Кейбір күндері мейрамханалардан түн ортасында әрең тарайтынбыз. Осындай думанның үзілмегенін қалап, «Өмір осылай өте берсе ғой!» деп армандайтынмын.

Достарым, менің, – байқап қойыңыз, – «көріпкел» еді!

Соңғы кездері олардың сәлемдерінің сәні кете бастады. Тап басып айта алмасам да, ішім бірдеңені сезетін. «Не болды екен? Әлде қызмет жағдайым ба?..» деп өзіме сұрақ қойдым. Қорқынышты ойларға да беріліп үлгердім.

«Индикатор достарым» бекер сезбепті. Көп ұзамай ойластырылған бір парақ арыз «сопаң» ете түсті де, қызметтік дәрежем төмендеді.

Соған қарамастан біз орташа мейрамханаларда бас қосып, думанымызды жалғастыра бердік. Бірақ достарымның қарасы азайып бара жатқанын байқадым. Бұрын жүз кісілік қызыл ағашпен көмкерілген залға тапсырыс берсем, енді шағындау залға қанағат тұтатын болдым.

Әңгіме де тарыла бастады. Бұрынғыдай жер шарына шолу жасамай, мәдениет пен өнер, соңғы шыққан басылымдар, театрдың жай-күйі сияқты тақырыптарға ауыстық.

Ең өкініштісі, өзім жайлы айтылатын мадақ сөздердің сиреп кеткенін аңғардым. Шетелде оқитын ұл-қыздарым туралы мақтау естігім келіп, әңгіме арнасын солай бұрсам да, достарым оған онша ықылас танытпады. Керісінше, әлдебір мырзасымақтардың жанұясы мен меншігіндегі нысандарын тамсана әңгімелейтін болды.

Әрине, бұған тыйым салу қолымнан келмейтін. Достарыммен бас қосуларымыз да сирей берді. Ән-ырғақтары да баяғыдай көңілді емес, көбіне:

«Дүние, дүние, дүние,

Дүниеге кім ие?» – деген мұңлы әндер шырқалатын болды.

Уақыт бір орында тұрмайды ғой. Достарым – нағыз индикатор. Олар енді сәлемдесуді де қойып, тек ерін жыбырлатып өте шығатын.

Қорқыныш бойымды билей бастады. «Тыныш болса жарар еді», – деп уайымдадым. Өйткені бұл достарым бостан-босқа қашқақтамайды ғой.

Айтқандай-ақ, көп кешікпей «Шәкен» деген біреу Бас департаментке шағым түсірді де, қызметім тағы да төмендеді.

«Өмір деген арпалыс қой», – деп, үйде әрекетсіз отыра бермей, қарапайым кафелерде шағын басқосуларды жалғастыра бердім. Енді зал да таңдамайтын болдым: бір үстел қойылған ескілеу бөлмеде отыра беретінбіз. Достарым азайғаны соншалық, оларды саусақпен санайтын дәрежеге жеттім. Бар болғаны оншақтысы қалды.

«Мынау – Мәкен,

Анау – Сәкен,

Арғысы – Орынтай...»

Шетелде оқитын ұл-қыздарым жайлы әңгіме қозғаудың өзі артық еді. Тіпті олардың бір-екеуін елге шақырып үлгердім.

Бұрынғыдай әйелімнің денсаулығы немесе атына тост айтылмайтын болды. Ол байғұс туралы ескеретін жан қалмағандай. Мерейтойым да елеусіз өтті. Ал мен елуге толдым емес пе? «Елу – ердің жасы» деген сөз қайда?!

Ұялы телефонымның қадірі кеткені соншалық, енді онымен жұртқа білдірмей сыбырлап сөйлейтінмін. Шындық дегеннің жалғанда жоқ екеніне көзім жетті. «Бауырларым» соңғы кезде сәлемдесуді мүлде доғарды.

«Біткен деген осы шығар», – деп ойладым. Ісімді солардың қас-қабағына қарап жоспарлауды да әдет қылыппын. Бір-екеуіне жалбақтап көріп едім, теріс айналды. Кафеге шақырсам келмеді.

«Жоқ, бұлар мүлде алыстамайды», – деп ойлағанмын. Бірақ қателесіппін. Көп ұзамай министрлікте жүргендегі бір «қызықтарым» әшкереленіп, «Әкімшілік салада қызмет істеуге болмайды» деген бұйрықпен мүлде жұмыстан қуылдым.

Көрдіңіз бе, менің индикатор достарым бәрін күні бұрын сезіп қойыпты!

«Тілеулестерім» түгелімен іргесін аулақ салған соң қарапайым асханаға тапсырыс беруді де қойдым.

Қазір үйдемін. Телефоным сөндірулі. Әйелім Әнипа екеуміз ауа райы, алдағы қыстың қалай болатыны жайлы ғана әңгімелесеміз.

Әрине, екеуара дұрыстап сұхбаттасамыз деу артық. Бірақ қатықсыз қара шайды уайымсыз, тыныш отырып ішкенге не жетсін!..

# МЕН ҚАЛАЙ БАЙ БОЛДЫМ?

Үш айлық жалақымды қосып алған соң не істерімді білмей дал болдым.

Автокөлік алайын десем – ақша жетпейді.

Өсіммен бір танысыма қарыз берейін бе десем – одан да тез айныдым. Айналайын алуын алады да, қайтаруға келгенде табаныңнан тоздырады.

Банкке жақсы бір депозит ашайын ба деп ойласам – оған да сенім жоқ. Бір күні «банкрот болдық» деп қарап отырмай ма?!

Қиялмен анау болды, мынау болды деп талай шарладым. Ештеңе оңғарылмады. Ал менің болса қалайда бай болуым керек қой!

Әкемнен жалғыз қалған жалқы баламын, бала кезімнен жүгіріп жүріп өскен жүгірмекпін. Кейін де сол жүгірген қалпымнан танбадым.

Неден бастасам екен?

Мінеки, қолыма қазақтың мақал-мәтелдер кітабы түсе кетті. Ашып қарасам, ер жігітке керегі алдымен:

«Денсаулық, он-саулық, одан кейін ақ жаулық» – деп жазылыпты.

Осы ақылды басшылыққа алайын дедім де, базарға барып бес саулық сатып алдым. Қой жануардың жылдам көбейетін қасиетін білесіздер ғой, келесі жылы он саулық болады деп шештім.

Денсаулығым да жаман емес, енді «ақ жаулық» керек болды. Сөйтіп қалада қаңғып жүрген бір қара қызды жетектеп әкеліп, қараша үйіме кіргізе салдым. Аты Әнипа екен. Кейін білдім.

Әнипада жазық жоқ, «әй» десем – татып тұрады, «тұр» десем – тұра қалады. «Обкаткадан» аман-есен өтті. Бір күні:

– Қара бала, менің де туған-туыстарым бар, неге хабар бермейсің? – деп сыр бастады.

«Назад» қайтпайын дедім. «Осы хабаршы, қуғыншы деген пәленің не керегі бар? Өзіміз ұрлап, өзіміз хабар береміз. Артық шығын қылудың қажеті қанша!» – деп төркініне СМС жіберіп қойдым.

Қалай бастасам екен? – деймін де...

Кітапты тағы ашып қарасам:

«Тарта ішсең тай қалады, қоя ішсең қой қалады, қоймай ішсең нең қалады».

Масқара-ай, бұл әлгі «Малың қора болса, береді Құдай» деген мақалдың туысы екен. Әнипаны шақырып алып:

– Смотри! – дедім. Ол да қала қызы емес пе, «Да» деді. Бірдеңе түсінгендей болды. Содан бастап екеуміз көжені жайпақ тәрелкемен ішіп, артығын ертеңге сақтап қоятын болдық.

Бай болсам деймін ғой!

Тағы кітап аштым: «Есепті дүние ертеңге жеткізер» деп жазылыпты. Дұрыс-ақ! Біз де ақымақ емеспіз ғой. Көмірді көп жақпай, шамды сөндіріп, телевизорды өшіріп, түнгі тірлігімізді түрткілеп бітіріп, топ-топ етіп жата қалатын болдық.

Есеп керек қой, есеп! Содан юбканы қысқа, шалбарды шолақ, жемпірді желбегей жамылып, ортадан бір тас калош сүйретіп жүрдік.

О, тоба! Осылай ананы мынаған, мынаны соған жамап жүріп «тәйпеңдеген» иномаркаға да қол жеткіздік.

Тағы мақал оқысам: «Әрекетке – берекет», «Сақтансаң – сақтаймыз» деп тұр. Дәл айтқан! Қысып-қымтып, он саулығымызды көбейтіп, жүз қой, жетпіс жылқы, сексен сиыр қылып байыдық.

«Көз – тас жарады, тас жармаса бас жарады» дегенді оқып, көршілеріме ұқсап сарайдың төбесіне қызыл шүберек, қызыл салафан, бас сүйек пен жақ сүйек, көк тікендерді іліп қойдым.

Енді қайтесің, байлықты қорғау керек қой!

Кітапты әрі қарай ақтарып отырсам: «Ептеп кісі бай болмас, маңдайға Құдай бермесе» деп тұр. «Тіфу, біздің мақал да қызық, бір-біріне қарсы шыға береді екен», – дедім де, ары қарай жалғастыра бердім.

«Ағайын – бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды»,

«Абысын ағараңдап алдымда жүрмесін, қарайып соңымда қалмасын» – дегенді оқыдым.

Әйелім Әнипаға:

– Әй, сен осы ағараңдап алдыға шықпай, ортада жүре бер, кітапта солай жазылыпты, – дедім.

Ол да енді ортадан шықпайтын болды.

Соның жемісі болар, қазір:

Ұн тартатын диірменім,

Май құятын бекетім,

Шөпті өзі шауып, өзі престейтін, түрлі жұмысты атқаратын:

«Тыр» етпе трактор,

«Гүр» етпе комбайн,

«Тых» етпе техника – бәрі ауламызға сыймай кетті.

Мен бай болдым!

Кітаптың соңғы бетін ашсам: «Аузы қисық болса да – байдың» деп тұр. Мәссаған! Енді жиын-тойларда аузымды қисайтып мен сөйлейтін болдым.

«Ақ дегенім – алғыс, қара дегенім – қарғыс, мұның қалай!» дейтін жан табылмады. Қазір ауылда менен асқан бай жоқ.

Үш қабатты үйім, жылы-жұмсақ жайым, қызыл тастан соққан шарбақтарым, өрнекті қақпам – бәрі құлпырып тұр. Видик іліп, ит жүгіртіп қойдым. Үйімнің төбесі – бассейн!

Байлық не істетпейді дейсіз. Бас жағына екі түп жаңғақ отырғызып, тіпті тікұшақ қонатын алаң мен трамплин жасап қойдым.

Үшінші қабаттан қарғысаң – бір-ақ ұшасың!

Естеріңізде болса, баюды мен баяғыда он саулықтан бастағанмын. Қазір ешкіммен санаспаймын. Мен – шонжармын! Жоқ жігітке қараспаймын.

«Өзі болған қыз төркінін танымайды» деген мақал да бар ғой...

Құрметті оқырман! Енді менен ақыл сұрап әуре болмаңыздар.

Мақал-мәтелдер кітабын мен де жауып қойдым!

**Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРҰЛЫ.**

## Открылось наследство

***Открылось наследство после смерти гр.Турлыбаева Нурлана Ильясовича,умершего 06.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 771-383-43-47.

***Открылось наследство после смерти гр.Жолдасовой Перизат Джанабаевны, умершей 19.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толеби 39 тел. 8 778-591-80-98.

***Открылось наследство после смерти гр.Успанова Шамшы Мысаевича, умершего 20.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Алипбек Д.С. г.Шымкент пр.Республики 24-44. тел. 8 701-744-10-11.

***Открылось наследство после смерти гр.Койшыбаева Абдурахмана,умершего 19.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Примбекову А.Ш. г.Шымкент пр.Тауке хана 35/1 тел. 8 702-083-77-31.

***Открылось наследство после смерти гр.Есеркепова Меирхана Айтбаевича, умершего 09.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д.г.Шымкент мкр.Нурсат ул.Байтерекова 89.тел. 8 771-685-75-23.

***Открылось наследство после смерти гр.Павловича Антона Михайловича, умершего 05.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Г.С. г.Шымкент ул.Айбергенова 10-38 тел. 8 701-717-80-58.

***Открылось наследство после смерти гр.Тереньтевой Елены Семеновны, умершей 05.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Даулетбай Б.Б. г.Шымкент ул.Елшибек батыра 112/22. тел. 8 700-466-19-46.

***Открылось наследство после смерти гр. Турсуновой Гулнары Исрафиловны, умершей 27.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Асланову Х.У. г.Шымкент мкр.Телмана ул.Фазыл Куралбайулы 19 а. тел. 8 701-461-03-06.

***Открылось наследство после смерти гр.Налибаевой Риммы Есимкулкызы, умершей 23.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С.г.Шымкент ул.Байтурсынова 5,14. тел. 8 702-888-07-08.

***Открылось наследство после смерти гр. Нуриева Марата, умершего 27.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчиеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

***Открылось наследство после смерти гр.Турлыбековой Бибигуль Абдибековны, умершей 13.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул.Байтурсынова 5,14. тел. 8 702-888-07-08.

***Открылось наследство после смерти гр.Курманалиева Болата Бакировича,умершего 13.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсебаеву Р.Р. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 701-751-80-77.

***Открылось наследство после смерти гр.Таласбаевой Алтына,умершей 17.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожабековой А.С. г.Шымкент пр.Тауке хана 33-1 тел. 21-17-01.

***Открылось наследство после смерти гр.Урмановой Сахибы,умершей 07.07.2020г. Наследникам обращаться к нотариусу Сейткалиевой А.У. г.Шымкент ул.Мангельдина 36-3 тел. 8 771-569-55-70.

***Открылось наследство после смерти гр.Биболова Иосхана Назаровича, умершего 25.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчиеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

***Открылось наследство после смерти гр.Кечутова Николая Николаевича, умершего 24.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Амирханову Е.Н. г.Шымкент пр.Кунаева 59-503 тел. 8 777-417-72-77.

***Открылось наследство после смерти гр. Ахилбекова Эрлана Зиябековича, умершего 10.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан обл.с. Рыскулова ул.Рыскулова 290.тел. 8 708-824-79-95.

***Открылось наследство после смерти гр.Смирнова Сергей Сергеевича,умершего 15.09.2000г. Наследникам обращаться к нотариусу Батырхановой К.г.Шымкент ул.Туркестанская 2/3 тел. 8 701-717-38-91.

***Открылось наследство после смерти гр.Сламбековой Шолпанай Анарбаевны, умершей15.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Момыновой Г.С. г.Шымкент ул.Айбергенова 10-38. тел. 8 701-717-80-58.

***Открылось наследство после смерти гр.Шинтаевой Седепкул,умершей 20.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Есенбаевой Г.Р. г.Шымкент ул.Туркестанская 2/3 тел. 8 701-782-63-44.

***Открылось наследство после смерти гр. Бердибекова Сергазы Даниярбековича, умершего 14.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент тамерлановское шоссе 125/1 тел. 8 747-153-02-83.

***Открылось наследство после смерти гр.Бектаева Болата Куанышбековича, умершего 26.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80.тел. 8 707-848-38-58.

***Открылось наследство после смерти гр.Бимуратова Бердали Бериковича, умершего 20.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Балаби Г.А. г.Шымкент ул. Ахунбабаева 20.тел. 8 777-998-89-77.

***Открылось наследство после смерти гр. Салибекова Курбанали, умершего 14.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 776-223-64-50.

***Открылось наследство после смерти гр.Дитрих Татьяны Петровны,умершей 30.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мухитдиновой З.Е. г.Шымкент ул.Момышулы 4/15. тел. 8 701-657-18-54.

***Открылось наследство после смерти гр.Секеровой Жамилы Алишеровны, умершей 04.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Боранбековой С.С. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 43/1 тел. 8 775-969-40-66.

***Открылось наследство после смерти гр.Нартаева Ерлана Алихановича, умершего 06.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 125/1 тел. 8 747-153-02-83.

***Открылось наследство после смерти гр.Суязова Павла Николаевича, умершего 16.01.2013г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул.Дулати 203 А. тел. 8 705-410-09-24.

***Открылось наследство после смерти гр.Кадиркуловой Кенжекиза,умершей 18.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Досмуратовой М.К. г.Шымкент ул.Алимбетова 1 тел. 8 778-224-19-86.

***Открылось наследство после смерти гр.Бижигитова Талгата Носерулы,умершего 14.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Алтынбековой Г.П. г.Шымкент мкр.Спортивный 24-51. тел.8 701-477-77-10.

***Открылось наследство после смерти гр.Абдуллаева Аскара Абдралиевича, умершего 03.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8 777-686-66-13.

***Открылось наследство после смерти гр.Сарсенбаева Умирбека Ермаханбетовича, умершего 17.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 707-848-38-58.

## Ликвидация

***ТОО"ERAY GROUP" объявляет о своей ликвидаций БИН 240740004056,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ул.Свяжай дом 103/1.

***ТОО"YASINA GROUP" объявляет о своей ликвидаций БИН 240640008104,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент Каратюбинская трасса дом 425.

***ТОО"Ломбард "Актілек" объявляет о своей ликвидаций БИН 080540020155,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Рыскулова б/н.

***Филиал ТОО"Qaz Legal Elite" г.Туркестан объявляет о своей ликвидаций БИН 241241028618,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан пр.Саттарханова зд.60.п/и 161200.

***ТОО"Beleske" объявляет о своей ликвидаций БИН 190540026048,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Отырар дом 53/3-19 п/и 160000.

***ТОО"Turkestan yassy" объявляет о своей ликвидаций БИН 190540026058,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Отырар дом 58/3-19.п/и 160000.

***ТОО"Turan agro group" объявляет о своей ликвидаций БИН 190540026078,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Отырар дом 58/3-19.п/и 160000.

***ТОО"Шәріпбай"объявляет о своей ликвидаций,БИН 240140027975 все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан мкр.Жайлау ул.Дулеткерей дом 17.п/и 160000.

***"Общественный благотворительный фонд" Құрбан ата-1"Южно-Казахстанской области объявляет о своей ликвидаций БИН 151140015509, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул. Момышулы дом 36.п/и 161200.

***ИП"Есболганов"объявляет о своей ликвидаций ИИН 840613301500б,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.

Казахстан г.Шымкент дачный массив Бозарык.потр.кооперативТянь-Шань 164.

***Объединение собственников имущества "мкр. Жана кала 11улица дом №27/2 г.Туркестан" объявляет о своей ликвидации БИН 230840017941, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан мкр. Жана кала 11 улица дом.27/2.

***К.Х."Марат" объявляет о своей ликвидации ИИН 990364023400,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ж/м. Жана талап ул.Жуманова 17.

***Общественное объединение"Тогызкумалак Южно-Казахстансая областная интелектуальная федерация" объявляет о своей ликвидаций БИН 140540004484бвсе претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент пр.Тауке хана 35 Б.

***ТОО"VIP PLUS" объявляет о своей ликвидаций БИН 130540023786,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Куншыгыс 112-29.

***ТОО"Микрокредитная организация"Финансовый клуб" объявляет о своей ликвидаций БИН 080140008647. все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Иляева 40-18.

***Общественный фонд"Асылжан" объявляет о своей ликвидаций БИН 110740005226, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Момышулы 21 А.

***ТОО"Ай-Фарм" объявляет о своей ликвидаций БИН 110340008907,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан. г.Алматы ул.Казыбаева 10.индекс 050050.

***ТОО"VIP-Инвест" объявляет о своей ликвидаций БИН 110340008197,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Астана район Есил ул.36 дом.21 вп 6.

***ТОО"АЛДИЯР-7" объявляет о своей ликвидаций БИН 060540008985,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан Южно-Каз. обл.Сайрамский р/н с.Касымбек датка ул.Зияева 42.

## Жарамсыз деп танылсын

***** Утерянные документы ИП "Сайлыбаева" ИИН 880530402591, иностранные бланки разрешения для перевозки грузов Россия 3 страна №0292463, 0292456, 0287981 считать недействительными.**

*****Утерянные документы ТОО"AEM-COMPANY" БИН 211140001681, иностранные бланки разрешения для перевозки грузов Россия 3 страна №0292411, 0292412 считать недействительными.**

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айгақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 29.
E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі
Ұлжалгас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

А Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу кызметі: 8 775 777 34 62

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:
Астана,Ақмола,Алматы,Атырау, Ақтөбе,Ақтау,Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы,Жамбыл,Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі 65836 16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Тапсырыс: №233
Таралымы: 5100

Нөмірдің кезекші редакторы - Аружан МАТТАЙ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«GOLDEN KIDS мектебі» ЖШС жекеменшік мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырмасын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тан аспауы керек.

**Сенім телефоны: 8 /7172/ 695-037, 8 /7172/ 695-058**

## УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ!

ТОО «Школа GOLDEN KIDS»» является получателем государственного образовательного заказа в рамках подушевого нормативного финансирования. Родительская оплата не должна превышать 1200 МРП за год.

**Телефон доверия: 8 /7172/ 695-037, 8 /7172/ 695-058**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші ««Айдана» бөбекжай балабақшасы» ЖШС «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қызылжар ауылдық округі, Жаскешу ауылы,

Серікбай ата көшесі №28үй мекен-жайында орналасқан «Айдана» бөбекжай балабақшасы» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары біріңғай экологиялық порталында (https://ndbecology.gov.kz.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 01.10.2025ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-8686@mail.ru тел:87079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО ««Детский ясли-сад «Айдана» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Детский ясли-сад «Айдана» расположенного по адресу Туркестанская область, Сарыагашский район, Кызылжарский сельский округ, село Жаскешу, ул. Серикбай ата, №28» Проектная документация доступно на едином экологическом портале (https://ndbecology.gov.kz.). Все замечания и предложения принимаются с 01.10.2025г в течение 5 рабочих дней. bgm-8686@mail.ru тел: 87079476947.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Артуков» ЖК (Артуков Анвар Агзамович), Түркістан облысы, Созақ ауд., Шолаққорған аул., 089 квартал, 033 учаск мекенжайы бойынша орналасқан GAMPR ИУ-200 инсинератор пешіне арналған ықтимал әсерлер туралы есеп беру жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Талқылау күні: 04.11.2025ж., сағат 12:00

Талқылау өтетін орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты а.о. «Тасты ауылдық округ әкімдігі» ғимараты.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Артуков» ЖК

Онлайн конференцияға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 616 540 8596,

Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: https://ndbecology.gov.kz/Жобаны әзірлеуші: «Tumar Construction Gruop» ЖШС эл.пошта: tcg_21@mail.ru Байланыс тел: 8(776)7417047

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Артуков» (Артуков Анвар Агзамович), объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по проекту отчета о возможных воздействиях на печь инсинератора GAMPR ИУ-200, расположенному по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, с.Шолаккорган, 089 квартал, 033 участок.

Дата обсуждения: 04.11.2025 г., 12:00 час.

Место обсуждения: Туркестанская область, Созакский район, с.о. Тасты, «Акимат Тастинского сельского округа» зд. Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Артуков»

Ссылка на онлайн-конференцию:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456

С пакетом проектной документаций можно ознакомиться на Едином экологическом портале: https://ndbecology.gov.kz/

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Gruop»

Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru

Контактный тел: 8 (776)7417047

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ай Толқын» бөбекжай-бала бақшасы» ЖШС-гі Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукент ауыл., Сұраншы батыр көш. 32А мекенжайында орналасқан «Ай Толқын» бөбекжай-бала бақшасы» ЖШС-гі үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz 3 қазанда қолжетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы және почталық мекенжайы: 161200, Түркестан қ-ы, Жаңа қала ш.а. 32 кө-і, 20 гим, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "Ясли-сад" Толқын Ай" сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел охрана окружающей среды для ТОО "Ясли-сад" Толқын Ай", расположенного по адресу: Туркестанская область, Сайрамский район, с. Аксукент, ул. Сураншы Батыр 32А.

Проектная документация будет доступна на информационной системе НБД https://ndbecology.gov.kz/c 3 октября.

Замечания и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: 161200, г.Туркестан, мкр. Жаңа қала, ул. 32, зд. 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан қаласының білім бөлімінің «Ж.Жабаев атындағы №11 жалпы білім беретін мектеп» КММ Түркістан қаласы, Жангір хан көшесі, 139А гимарат мекенжайында орналасқан Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан қаласының білім бөлімінің «Ж.Жабаев атындағы №11 жалпы білім беретін мектеп» КММ үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz 3 қазанда қолжетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық почтасы және почталық мекенжайы: 161200, Түркестан қ-ы, Жаңа қала ш.а. 32 кө-і, 20 гим, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Общеобразовательная школа № 11 имени Ж.Жабаева» отдела образования города Туркестан управления образования Туркестанской области сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел охрана окружающей среды для КГУ «Общеобразовательная школа № 11 имени Ж.Жабаева» отдела образования города Туркестан управления образования Туркестанской области, расположенного по адресу: г. Туркестан, ул. Жангир Хан, строение 139А.

Проектная документация будет доступна на информационной системе НБД https://ndbecology.gov.kz/c 3 октября.

Замечания и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: 161200, г.Туркестан, мкр. Жаңа қала, ул. 32, зд. 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Артуков» ЖК (Артуков Анвар Агзамович), Түркістан облысы, Созақ ауд., Шолаққорған аул., 089 квартал, 033 участок мекенжайы бойынша орналасқан GAMPR ИУ-200 инсинератор пешіне жоба бойынша II санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Талқылау күні: 04.11.2025ж., сағат 12:30

Талқылау өтетін орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты а.о. «Тасты ауылдық округ әкімдігі» ғимараты.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Артуков» ЖК

Онлайн конференцияға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: https://ndbecology.gov.kz/

Жобаны әзірлеуші: «Tumar Construction Gruop» ЖШС эл.пошта: tcg_21@mail.ru Байланыс тел: 8(776)7417047

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Артуков» (Артуков Анвар Агзамович), объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по материалам для получения разрешения на воздействие для объекта II категории по проекту «печь инсинератора GAMPR ИУ-200, расположенному по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, с.Шолаккорган, 089 квартал, 033 участок».

Дата обсуждения: 04.11.2025 г., 12:30 час.

Место обсуждения: Туркестанская область, Созакский район, с.о. Тасты, «Акимат Тастинского сельского округа» зд.

Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Артуков»

Ссылка на онлайн-конференцию:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456

С пакетом проектной документаций можно ознакомиться на Едином экологическом портале: https://ndbecology.gov.kz/

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Gruop» Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru Контактный тел: 8 (776)7417047

# ЮНИСЕФ-ПЕН БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ЖАНДАНАДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілі, доктор Рашед Мустафа Сарвармен және ҚР Ұлттық статистика бюросының өкілдерімен кездесті. Кездесуде экономикалық өсімді әрбір баланың жарқын болашағын құруға бағыттау жолдары талқыланды. Балалар мен жастардың жағдайы туралы өзекті деректер негізінде дайындалған зерттеу нәтижесі сөз болды. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров балалардың құқығын қорғау, оларға қолайлы жағдай жасау бағытында жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді.

– Демографиясы жоғары өңір халқының саны 2,2 миллионнан асты. Оның ішінде 900 мыңнан астамы – балалар мен жасөспірімдер. Халықтың табиғи өсімі мен демографиялық серпіні – аймақтың білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік инфрақұрылымына жоғары талаптар қояды. Осы ретте балаларға қолайлы орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеміз. Денсаулық сақтау саласында маңызды жетістіктерге қол жеткіздік. Түркістан облысының әкімдігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) арасындағы бірлескен жұмыс жоспары аясында 1400 медицина қызметкерін оқытуға қаржы бөлінді. Түркістан облысында 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту – 99,6%-ды құрайды. Өңірімізде 1116 мектепте 550 мыңнан астам оқушы білім алуда. Соңғы жылдары облыста жаңа мектептер мен балабақшалар салу, инклюзивті білім беруді дамыту, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен «Келешек мектептері» жобасы аясында жалпы 23 мың орындық 29 мектеп бой көтерді. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелеріне де басымдық беріледе. «Түркістан облысының психологиялық қолдау орталығы» мекемесі ашылды. Биыл 17 аудан, қалада «Отбасын қолдау орталықтары» жұмысын бастады. ЮНИСЕФ-тің сараптамалары мен қолдаулары маңызды. Сіздермен бірлесе жұмыс істеуге әрқашан дайынбыз, – деді Нұралхан Көшеров.

Тараптар мультииндикаторлы кластерлік зерттеудің (МИКС) деректері маңызды шешімдер қабылдау үшін шынайы әрі нақты негіз болатынын атап өтті. Талдауға сәйкес, Түркістан облысы айтарлықтай экономикалық динамиканы және әлеуметтік саладағы елеулі жетістіктерді көрсетіп отыр. Денсаулық сақтау саласында айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізілді: 10 жыл ішінде 5 жасқа дейінгі балалар өлімжітімі екі есе азайды, вакцинациямен қамту республикалық көрсеткіштерден асады, ал босанғаннан кейінгі аналар мен жаңа туған нәрестелерге патронаж көрсету деңгейі елдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Сонымен қатар ерте жастағы балаларды дамыту индексі бойынша өңір елдегі үздіктер қатарында тұр: 2-4 жас аралығындағы 10 баланың 8-і өз жасына сәйкес дамып келеді. Дегенмен осал топтағы отбасыларды қолдау, балаларды зорлық-зомбылықтан және құқықбұзушылықтан қорғау, білім сапасын көтеру түсу, бала тәрбиесіне ата-аналардың белсенділігін арттыру жұмыстарын жандандыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Кездесу соңында доктор Рашед Мустафа Сарвар: «Түркістанға бірінші рет келіп тұрмын. Облыстың даму деңгейі жақсы. Біз Түркістан облысын зор жетістіктерге қол жеткізген және одан да үлкен әлеуетке ие өңір ретінде көреміз. МИКС деректері өңірдің адами әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. ЮНИСЕФ осы өмірлік маңызы бар жұмыста әкімдікке барлық қажетті қолдауды көрсетуге дайын» деді.

Тараптар әріптестікті нығайтуға және бірлескен бағдарламаларды іске асыру жөнінде уағдаласты. Бұл бағдарламалар Түркістан облысының балалары үшін қауіпсіз, салауатты және дамытушы орта құруға бағытталған.